



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

собой в процессе прохождения тестирований без контроля преподавателя. Существует процент учеников, проходящих подобные тестирования, без надзора, не добросовестно. В связи с этим резко падает эффективность подобного рода систем для конкретных индивидов, но так как и школы не дают 100% заинтересованности в учебе, это, хоть и не кажется такой проблемой, но в отличие от школ, в данном случае, не выявляется действительный уровень знаний. Это является основной причиной невозможности перехода от стандартной модели обучения в сторону систем самостоятельного контроля знаний учащимися.

Вторая, но не менее важная проблема состоит в том, что не все школы располагают достаточной технической базой для перехода на подобные системы, а так же персоналом способным эти системы обслуживать.

Так как переход сложный и многоэтапный, возникает еще одна проблема – проблема переноса данных. Процесс тяжелый, долгий и чреват частичной потерей информации. Более того – задействуются большие человеческие ресурсы для переноса всей базы оценок, учебного материала, тестирований и характеристик, а так же заведения полной базы учеников. Не каждое заведение готово решиться на это.

Более того, одна из проблем – невозможность полного функционирования системы первое время. Как минимум несколько месяцев любая система проходит «обкатку», выясняются все ее недостатки для конкретного учебного заведения, и вносятся мелкие коррективы как в процесс работы программы, так и в учебный процесс.

Помимо всего этого, многие учебные заведения переживают о том, что им придется менять систему работы всего учебного заведения, так как внедрение подобной системы заденет работу всего механизма. Это, в свою очередь, приведет к необходимости обучения специфике работы с необходимыми программами многих преподавателей, что опять же является серьезной проблемой, требующей самого ценного ресурса – времени.

Еще один минус – дорогостоящая работа и привлечение новых кадров. Разработка систем, подобных системе «Platonus» требует привлечения специалистов, способных такие системы реализовать. Реализуются системы, из-за сложности, не слишком быстро, и стоят при этом не малых денег. Более того, завершенная и готовая к эксплуатации система требует от заведения привлечения новых специалистов, ответственных за обслуживание системы и поддержание ее работоспособности, что тоже является не малой преградой.

Вот так, казалось бы, на первый взгляд идеальные системы так тяжело приспособить для ряда учебных заведений, из-за простого человеческого фактора, и не возможности быстрых переходов и смены систем. Но, не смотря на сложности, большое количество учебных заведений или уже перешло, или в процессе подготовки и перехода. Для остальных – это всего лишь вопрос времени.

Список использованных источников

1. rg.ru

ӘОЖ 004.01

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Спатаева Камшат Эркиновна

Kamshat_s_e@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1курс магистранты.Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші- Мубаракوف А.М.

Мақаланың өзектілігі - заманауи оқытудың мақсат міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған, графикалық, сандық, тілдік, музыка, видео, сурет және басқа да ақпараттан тұратын ақпарат көздерін білім беру саласында, сандық білім беру ресурстарын пайдалану

өзекті болып отыр. Электрондық білім беру ресурстары – бұл сандық түрде сақталып таратылатын, оны құру және жүргізу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланатын оқу материалдары болып табылады. Ол төмендегідей мақсаттарды шешуге бағытталады:

- мультимедиа құралдарымен оқу ақпаратын ұсыну;
- интерактивті режимде пайдаланушымен кері байланысты жүзеге асыру;
- оқыту нәтижесін және оқудағы жетістігін бақылау;
- оқу-тәрбие процесін және оқу орнын ұйымдастырушылық тұрғыдан басқаруды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету процесін автоматтандыру.

Электрондық оқыту жүйесінде желіде еркін таралатын оқу материалдары бар ашық білім беретін қорлары бар.

Жасалынған электрондық ақпараттық ресурстары және мультимедиялық білім жасақтамалары еркін аударылып, электрондық оқыту жүйесінде Интернет арқылы қолданылуы керек. Электрондық оқыту жүйесіндегі ақпараттық ресурстарға оқу теледидарының цифрланған материалдары енеді.

Электрондық оқыту жүйесінде педагогтар өздерінің оқу құралдары мен тестілерін құруы мүмкін. Олардың жұмысы мәтіндік және графикалық редакторлар мен орталарда, мысалы, Microsoft Word, Microsoft PowerPoint, Adobe Flash, Adobe Photoshop оқу контентін жасаудың бірыңғай жүйесімен стандартталатын болады.

Оқу материалдарын жасау жүйесі барлық педагогтарға кез келген орын мен кез келген уақытта Интернет арқылы жаңа және сапалы үлгілер мен электрондық түрдегі білімдерді беру формасын құруға мүмкіндік береді. Осы мақсатта үздік электрондық оқу материалдарын жасайтын шығармашыл педагогтарды мадақтау мен ынталандырудың тетіктерін құру талап етіледі.

Білім беру ұйымдарының оқу үдерісінде және өздігінен білім алушыларға қолдану үшін озық педагогтардың тақырыптық сабақтар циклі мен дәрістерінің бейнежазбаларының қорын құру жеткілікті. Сабақтардың бейнежазбаларының қорларын Интернет желісі, жергілікті желіде, офф-лайн режимінде және жай компьютерлерде көруге болады. Мұндай оқу бейнематериалдары шағын жинақталған білім беру ұйымдарында, оқу-материалдар қоры мен технологиялық инфрақұрылымы төмен білім беру ұйымдарына қажет болады. Электрондық оқыту жүйесіне онлайн режимінде қосылмаған, жергілікті желілерге қосылған компьютерлері бар білім беру ұйымдары үшін жаңартылған білім беру ресурстарын CD және DVD-тасымалдаушыларға жазып қолдануға болады.

Жеке міндеттердің бірі ретінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін мамандандырылған сандық білім ресурстарын жасау және контент-провайдерлерін жеткізу болып табылады.

Электрондық білім беру ресурстары – бұл сандық түрде сақталып таратылатын, оны құру және жүргізу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланатын оқу материалдары болып табылады. Ол төмендегідей мақсаттарды шешуге бағытталады:

- мультимедиа құралдарымен оқу ақпаратын ұсыну;
- интерактивті режимде пайдаланушымен кері байланысты жүзеге асыру;
- оқыту нәтижесін және оқудағы жетістігін бақылау;
- оқу-тәрбие процесін және оқу орнын ұйымдастырушылық тұрғыдан басқаруды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету процесін автоматтандыру.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін электрондық білім беру ресурстарын құра білуге даярлау деп мұғалімнің шығармашылық потенциалын қолданбалы және инструментальдық құралдардың негізінде өзінің оқу пәнінің төл оқу әдістемесін құрып, оны жүзеге асыруға бағытталған электрондық білім беру ресурстарын құру және пайдаланудың теориясы мен практикасын меңгеруді түсінеміз. Студенттерді электрондық білім беру ресурстарын құруға даярлаудың мақсаты:

- электрондық білім беру ресурстарын құруға пайдаланылатын қолданбалы және инструментальдық программалық құралдардың мүмкіндіктерін; электрондық білім беру

ресурстарын жасауға қойылатын талаптарды; электрондық білім беру ресурстарының типтерін, оны жасау кезеңдерін, электрондық білім беру ресурстарын пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын; электрондық білім беру ресурстарының сапасын бағалай білуі;

- төмендегідей мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған электрондық білім беру ресурстарын жасай білу іскерлігі мен дағдысының болуы: оқушы мен электрондық білім беру ресурсы арасындағы интерактивті өзара әрекеттесуді жүзеге асыру; мультимедиа құралдарының көмегімен оқу ақпараттын көрнекілендіру; оқу ақпаратын сақтау, тарату және көбейту; оқу-тәрбие процесін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді автоматтандыру; оқыту нәтижелерін бақылау;

- электрондық білім беру ресурстарының мазмұнын құруға қажетті мәтіндік, графикалық, дыбыстық, видео материалдарды өңдеуге байланысты негізгі операцияларды орындай білу іскерлігі мен дағдысының болуы; электрондық білім беру ресурстарын пайдалануға негізделген оқу іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру.

«Электрондық білім беру ресурстарын құру және пайдалану технологиясы» деп аталатын пән информатика мамандығы студенттеріне оқытылатын «Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі» деп аталатын кәсіби пәннің таңдау компоненті ретінде оқытылады. Бұл курс болашақ информатика мұғалімдерін даярлауға бағытталған қазіргі уақытта кез келген педагог мамандар үшін аса қажетті курс болып табылады. Курстың оқу материалының мазмұнында қамтылатын пәнаралық байланыстың ауқымы айтарлықтай кең. Атап айтқанда «Информатика», «Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі», «Білім беруді ақпараттандыру», «Компьютерлік желілер, интернет және мультимедиа технологиялары» және т.б. пәндердің мазмұнымен тығыз байланысты.

Электрондық білім беру ресурстарын іріктеу және сапасын бағалау іс-әрекетіне сараптама талдау оқулықтың сапасын арыттыра түспек. Электрондық білім беру ресурстарын пайдалануға негізделген оқытуды ұйымдастыру туралы білімдер жүйесін қалыптастыру; ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдалануға негізделген оқытуды жоспарлау, сүйемелдеу, шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыру, кәсіби іс-әрекетте электрондық білім беру ресурстары кешенін кәсіби іс-әрекетте қолданудың педагогикалық тәжірибелерін меңгертеді.

Қорыта келгенде, ұсынылып отырған «Электрондық білім беру ресурстарын құру және пайдалану технологиясы» атты курсты оқу нәтижесінде студенттер электрондық білім беру ресурстарын әдістемелік тұрғыдан сауатты іріктеу, пайдалана білу және қазіргі уақыт талабына сай оқушылар мен педагогтарды қанағаттандыратын өздерінің төл программалық өнімдерін құра білу іскерліктері мен дағдыларын меңгереді.

Электрондық білім ресурстарын пайдаланудың арқасында оқыту жұмыстарында пайдаланылатын түрлі сандық форматтағы білім беру ресурстарын түсінеміз. СББР информатика пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің негізгі құраушыларының бірі болып табылады. Сандық білім беру ресурстары (СББР) мұғалім мен білім алушы үшін не ол? Біріншіден: мұғалім үшін СББР пайдалану сабаққа дайындықты жеңілдетіп, уақытты үнемдіейді. Екіншіден: білім алушы үшін жаңа материалды игеріп, оны тексеру үшін мүмкіндік туындайды, шығармашылық ойлауды, жауапкершілікті дамытады. Білім алушыны пәнді оқуға ынталандыру үшін онда жаңалық элементі болуы керек. Мысалы: электронды оқулықтар, мультимедиялық презентациялар, оқыту видеофильмдері және т.б. Сандық білім беру ресурстарын пайдалану бірнеше педагогикалық мәселелерді шешуге өз септігін тигізіп отыр:

- Белгілі бір білім мен білікті қалыптастыру (тренажерларды пайдалану)
- Оқу материалының тұсаукесері және жалпы көріністі қамтамасыз ету (презентацияларды пайдалану)
- Өтпелі қызметті жүзеге асыру (электронды тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың оқу материалына деген белсенділігін арттыру)
- Сабақтың тиімділігі мен қарқындылығын арттыру.

Электронды тапсырмаларды орындау арқылы оқушы білім алуға деген белсенділігін арттырмақ. Ал компьютерлік тапсырмаларды орындау кезінде шешім қабылдау дағдылары, ойлау мен өз бетінше әрекет ету қабілеттері қалыптасады. Өтіліп жатқан тақырыпқа байланысты топтық және жәке тапсырмаларды жүйелі түрде орындаудың мүмкіндігі туындайды. Нәтижесінде тек білім алу процессі ғана емес, сонымен қатар компьютерде жұмыс істеу дағдысы да қалыптасады және еріксіз түрде компьютерді ақпаратпен жұмыс істеуге арналған инновациялық құрал ретінде қабылдайды.

Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде информатика курсы жайлы толығырақ көзқарас қалыптастыру үшін қарапайым плакаттар орнына сандық білім беру ресурстарын пайдалану орынды болмақ. Мультимедиялық құралдар мен презентациялар мәнерлік пен айқындылыққа ие, сонымен қатар, оқу өнімділігі әлдеқайда көбірек.

Сандық білім беру ресурстарын оқу процессінде қолданылатын әртүрлі ақпараттық ресурстарға арнайы түрде құрылған блоктар түрінде және электронды түрде берілген АКТ құралдар базасы негізінде жұмыс істейді. Информатика мен АКТ пәнінің ерекшелігі, онда уақыттың көп бөлігі аппараттар мен бағдарламалық құралдарға бөлінеді. Сандық білім беру ресурстары (СББР) оқу процессінің барлық компонентін қамтамасыз ете алады, сонымен қатар оқушыларға өз бетінше білім алуына мүмкіндік береді.

Барлық материалдарға электронды формада ие болған кезде мұғалім кез келген аудиторияға бейімделе алады, сабақ мазмұнын өзгерте алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1) Әминов Т. Электрондық оқыту жүйесінің тұжырымдамасы. Алматы 1999
- 2) Максимов Г.С. ЦОР на уроках информатики. Москва 2001
- 3) Сырымбетова Л.С. Сандық білім беру ресурстарын жобалаудың дидактикалық негіздері. Қарағанды 2010
- 4) Махамбетов Д. Особенности применения цифровых образовательных ресурсов. Алматы 2009

ОӘК004.4

МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Сыздыкова Айерке Мерекеқызы

aierke91@mail.ru

Толғанбайұлы Талант

talant.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.З.Андасова

Білім беру саласына қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мүмкіндіктерін енгізу үшін цифрлық білім беру контентін стандарттау, білім беру ұйымдарын тегін немесе жеңілдікті КЖҚ қамтамасыз ету, білім алушылар мен оқытушыларды интернетпен қамтамасыз ету сияқты бірқатар міндеттерді шешу керек. Бұл АКТ енгізу арқылы Қазақстанның білім беру және ғылым салаларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Мультимедиа – компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпаратты кешенді түрде бейнелеуді — мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне-, аудио- және мультипликациялық түрде шығаруды жасап, ақпараттың өте көлемді мөлшерін жадында сақтап, диалогтық түрде жұмыс істейді. Мультимедиа элементтерімен еркін интерактивті